



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

7. Нгуен Тхи Тху Ван ,к.ф.н. Терминология государственного управления в современном русском языке кандидатская диссертация Москва 2001г.

УДК 378.016:81

АУДАРМАНЫҢ ТҮРЛЕРІН ЖӘНЕ РОЛІН ҚАРАСТЫРУ СҰРАҚТАРЫ БОЙЫНША

Бердеш Әділ, Меліс Айшырақ

tusgul@mail.ru

МЖБ – 24, КТӨ - 41 топтарының студенттері
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Г.К. Тусупова

Көптілдік қоғамда тілдердің қолданылуы және олардың тұлғаның дамуына әсер етуі зор. Қазіргі тілдерді оқыту тәжірибесінде аудару процестерін қолдау өзгергені мәлім. Қазақстандық ақпараттық жүйелерде мәліметтерді бірнеше тілдерде жеткізу көптілдік қоғамның сипаты.

Аудару принципі мен аударманың дәлме-дәлдігі туралы ұғым заманалар озған сайын өзгеріп отырады. Мысалы, орта ғасырларда әріпшілдік, сіреспе аударма басым болса, жаңғыру дәуірінде, XVII-XVIII ғасырларда «еркін» аударма көбейді. Одан соң әдебиет әлемінде балама аударма пайда болды.

Аударма – тіл қызметінің бір түрі ретінде бір тілде айтылған ойларды басқа тілдің құралдарымен соған сәйкестікте немесе толық құндылықта беру процесі. «Аударма» сөзінің мағынасында белгілі бір тілдегі сөйлеу тілін – ауызша немесе жазбаша мәтінді, сөзді басқа тілде қайталап жеткізу жатқаны белгілі. Сонымен бірге, аударма – сөйлеу қызметінің бір түрі болғандықтан, оның мақсаты сөз сөйлеу құрылымын қайта құру болып табылады, нәтижесінде мазмұнның өзгеріссіз жоспары сақталумен бірге, ойды жеткізу жоспары да өзгереді, бір тіл екіншісімен ауыстырылады.

Дж. Драйден, ағылшын аудармашысы, 1680 жылы аударманың 3 түрін анықтады: «метафраз» – түпнұсқаның дәл жеткізілуі; «парафраз» – түпнұсқаның түріне емес, ерекшелігіне бағдарланып, еркін жеткізілуі; «имитация» – түпнұсқа тақырыбына жазылған шығарма.

«Аударма өнері» кітабында (Лондон, 1952) Т. Сэвори аударманың 4 түрін көрсетеді: 1) Кемел құнды аударма – таза ақпаратты фраза хабарландырулардың аудармасы; 2) Барабар аударма – мазмұны ғана маңызды, баяндалуы аса маңызды емес сюжетті шығармалардың аудармасы; 3) Классикалық шығармалардың аудармасы, олардың формасының да, мазмұнның да сақталуы маңызды; 4) ғылыми-техникалық материалдардың аудармасы 2-ші түріне жақын. [1, 103-104 б.]. Барабар аударма – мазмұны ғана маңызды, баяндалуы аса маңызды емес сюжетті шығармалардың аудармасы; аударманың бұл түрінде аудармашы мағынасы түсініксіз сөзді немесе тұтас сөйлемдерді түсіріп тастайды да, түпнұсқаны басқаша баяндайды. Мысалы, Фридрих Шиллердің “Қолғап” деген балладасының аудармаларынан үзінді (қазақша аудармасы осы баяндамаға арнап жасалынған):

Da fällt von des Altans Rand

Ein Handschuh von schöner Hand

Zwischen den Tiger und den Leu'n

Mitten hinein.

И гости ждут, чтоб битва началась...

Вдруг женская с балкона сорвалась

Перчатка... все глядят за ней...

Она упала меж зверей.

Сол мезетте «Қолғабым» - деген дауыс шығады,

Келген қауым барлығы соған мойын бұрады.

Бір сұлудың қолғабы түсіп кетіп балконнан

Бақта жатқан аңдардың арасына құлады.

Қазақша, орысша аудармаларының бірінші қатарында берілген мәліметтер түпнұсқада жоқ.

Дж. Кэтфорд «Аударманың лингвистикалық теориясы» еңбегінде (1965) аударманың келесі түрлерін атады:

- толық және ішінара аударма: Толық аудармада түпнұсқадағы бүкіл мәтін аударылады, ал ішінара аудармада түпнұсқа мәтінінің бір бөлігі беріледі.

- жаппай және шектеулі аударма: Жаппай аудармада түпнұсқа барлық тіл деңгейлерінде аударылған кезде, қарапайым аудармаға ат беру ұсынылса, ал шектеулі аударма бір деңгейдегі фонологиялық, графологиялық, грамматикалық және лексикалық деңгейдегі аударманы белгілейді.

Дәл жеткізу көзделетін аударманы прагматикалық, әдеби немесе эстетикалық тұрпатты жеткізетін аударманы эстетикалық-поэтикалық, мәдени контекстін түсіндіретін аударманы этнографиялық аударма, түпнұсқа морфемаларының мағыналары көрсетілетін аударманы лингвистикалық ретінде белгіліген американдық лингвист Дж. Касагранде [1, 113 б.].

Қортындылай отырсақ аударманың аталған түрлері аударманың мақсатына байланысты бөлінген. Л.С. Бархударов құрылымдық сипатына қарай аударманы төрт түрге бөліп көрсетеді: 1) жазбаша-жазбаша аударма немесе жазбаша мәтіннің жазбаша аудармасы; 2) ауызша-ауызша аударма немесе ауызша мәтіннің ауызша аудармасы (ізбе-із немесе ілеспе аударма); 3) жазбаша-ауызша аударма немесе жазбаша мәтіннің ауызша аудармасы; 4) ауызша-жазбаша аударма немесе ауызша мәтіннің жазбаша аудармасы [2, 47-48 б.]. В.Н. Комиссаров «Слово о переводе» еңбегінде аударманы жанрлық-стилистикалық түрлеріне қарай былай бөледі: 1) көркем аударма; 2) ақпараттық аударма; 3) ғылыми аударма; 4) ресми аударма; 5) публицистикалық аударма; 6) жарнамалық аударма [4, 94-108 б.].

Келесі түрлері функциясына байланысты белгіленген. Мысалы, XX ғасырдың 80-ші жылдарында американдық ғалым С. Басснетт-Макгайр аударманың мынадай түрін көрсетеді: ойды басқа тілдік белгілер арқылы жеткізу (бір тілдің ішінде); аударманың өзі (бір тілден басқа тілге); трансмутация (бір семиотикалық жүйеден екіншісіне қайта құру). Израильдік ғалым Г. Тури «Аударма теориясын іздеу» (1980) кітабында аудармашылық қатынастардың негізгі 4 түрі барын айтады: формалды қатынастың 2 түрі (этикалық): 1) бастапқы тіл мен аударма тілінің арасындағы (тілдік түр), 2) бастапқы мәтін мен аударма мәтінінің мәтіндік құралдары (мәтіндік түр); сондай-ақ, функционалды қатынастың 2 түрі (эмикалық): 1) бастапқы тіл мен аударма тілінің тілдік құралдарының функциялары арасындағы (тілдік түр), 2) бастапқы мәтін мен аударма мәтін функциялары арасындағы (мәтіндік түр) [1, 133 б.].

Аударманы негізінен екі түрге бөлуге болады: Ауызша аударма және жазбаша аударма. Ауызша аударманың екі түрі бар: ілеспе (синхронды) аударма; ізбе-із аударма. Жазбаша аударма өз ішінде екі түрге бөлінеді: 1) Көркем аударма - көркем әдебиет шығармаларын, яғни негізгі қызметі оқырманға көркемдік-эстетикалық әсер ету болып табылатын мәтіндерді аудару. Аудармашы екінші тілде жасалған мәтінді өңдеп, реттей алады. Әдеби немесе көркем аударма дегеніміз – бір тілде жазылған әдеби туындыны екінші тілдің құралдары көмегімен оқырмандарға жеткізу және түпнұсқасының стильдік, көркемдік ерекшеліктерін мейлінше нақты сақтап көрсету. Бұл жерде аудармадағы ең қиын нәрсе – лингвистикалық ерекшелігі емес, ол түпнұсқасының көркемдік жағын дұрыс жеткізу, яғни аудармашы туындының образдық әлемін, автордың идеясын, позициясын және стилін нақты, дәл көрсете білуі. Көркем аударманың бүгінгі әдеби процестегі алатын орны үлкен [8, 150 б.]. 2) Ақпараттық аударма – қандай да болмасын ақпаратты, мәліметтерді беру болып табылады. Ақпараттық аударманың өзі өз ішінде мынадай түрлерге жіктеледі:

- ғылыми-техникалық аудармаға ғылыми мақалалар, монография, техникалық сипаттама жатады. Әр саланың өзіндік қолданылатын қалыпты стилі, термині, мәтіндік құрылымы болады. Бұл саладағы шығармаларды аударуға сөздік те аздық етеді, кәсіби маман біліміне, тәжірибесіне де сүйенген дұрыс. Ғылыми мәтіндер қатаң морфологиялық және синтаксистік

құрылымға ие, сөздің бірыңғай орамдары, біркелкі стиль қалыптасқан. Ғылыми-техникалық еңбектерді аудару көп салалы білімді қажет ететіндіктен, бұған білікті кәсіби маман ретінде бейімделген жөн [11, 576.].

- ресми-іскери аударма. Ресми-іскери стильдің қарапайым үлгілерінен (өтініш, арыз, мінездеме және т.б.) бастап күрделі түрлеріне (жарғы, жарлық, ереже, келісім және т.б.) дейін қазақ тілінде көрініс тапты және олар түгелдей дерлік аударма процесі арқылы жүзеге асырылады.

- газеттік-ақпараттық аударма – жаңа мәліметтерді, тың деректерді, тосын оқиғаны оқырмандарға жеткізу. Мұндай мәтіндер әр алуан сипатта: қысқаша ақпараттық хабарлар, ресми хабарлар, мақалалар, шағын және кең көлемді сұхбаттар, тақырыптық әрі белгілі бір мәселеге қатысты мақалалар, хабарландыру, репортаж т.б. түрде беріледі. Алайда газет-журналдың қалыптасқан өзіндік бірыңғай, дербес стилі болады. Спорт газеттерінде спорттық стиль қалыптасқан сөз қолдану үлгісі болса, мәдениет баспасөзі эстетикалық, өнер ғылымы мәтіндеріне негізделеді. Әр саладағы баспасөздің өзіндік мақсат-мүддесі, идеологиялық нысаны, тақырыптық бағыт-бағдары қалыптасады. Газеттік-ақпараттық аударма өз ішінде екіге бөлінеді:

а) газет мәтіндерін аудару. Түпнұсқаға деген дәлдік тұжырымын қатаң сабақтастыру негізінде жүргізіледі. Бұл көбінесе ресми ақпараттық хабарлар, саяси келісімдер, қаулы, жарғылар, қысқасы үкіметтік маңызды құжаттарда қатаң сақталынады.

ә) публицистиканы аудару – қоғамдық өмірдің өзекті мәселелері мен құбылыстарына арналады. Публицистикалық мәтіндер оқиғалық, ақпараттық, сыншылдық-талдамалық, саяси пікірталастық болып келеді. Ғылыми-ақпараттық мәтіні процесті, шындық құбылысын сипаттайды, түсіндіреді, талдайды, алдын ала пайымдайды, шындықты теориялық тұрғыдан дәлелдейді.

б) тұрмыстық аударма — тұрмыстық немесе іскери ауызекі сөйлеу тақырыптарына тілаларлық және мәдениетаралық қарым-қатынастың диалогтік формасы жағдайында туындайды. Мұндай жағдайларда негізінен қандай да бір мақсатқа қол жеткізуге арналған өзара қарым-қатынасқа бағыттылған ауызша мәтіндер жасалады [1, 386.].

Жазбаша аударма процесіндегі ең басты құрал – сөздік. Қазіргі «ақпараттар легі» ғасырында аудармашының жұмысын сөздіктерсіз елестету мүмкін емес. Сонымен қатар, аудармашы арнайы терминдерді жылдам табуы үшін, алдымен, ақпараттың қандай дереккөздері бар екенін және оларды қандай ретпен әрі қалай пайдалану керектігін білуі қажет.

«Аударматанудың негіздері» атты кітабында А.Қ. Жұмабекова аудармашылық қызмет субъектісінің сипаты мен оның аударылып отырған мәтін авторына қарым-қатынасы бойынша ажыратылатын аудармалардың мынадай түрлерін келтіреді:

1. Дәстүрлі (қолжазбалы) аударма – адам жасайтын аударма. Дәстүрлі аударманың келесі түрлері ажыратылады:

а) Авторлық емес аударма (немесе жай аударма) – түпнұсқа мәтінінің авторы болып табылмайтын аудармашының тәржімесі.

ә) Авторлық аударма (немесе автоаударма) – түпнұсқа мәтіні авторының өзі жасаған аудармасы.

б) Автор мақұлдаған аударма – автор талқылауынан өткен түпнұсқа мәтінінің аудармасы. [1, 346.]

2. Машиналық (автоматты) аударма – арнайы бағдарлама бойынша компьютер жасаған аударма. Машиналық аударма негізгі үш жағдаяттарда сәтті қолданылуда [13]: Біріншіден, бағдарлама лексикалық және грамматикалық құрылымы шектеулі, стандартты, тар шеңберде мамандандырылған мәтіндерді аудару үшін құрастырылады. Екіншіден, машина арқылы түпнұсқаның жалпы мазмұны жайлы түсінік беретін көп көлемді аударманы алуға болады. Үшіншіден, жұмысқа редактор кіріседі. Ол мәтінді аударуға дайындайды, яғни машина үшін қиын сөздерін алып тастап немесе басқаша жазып қайта редакциялайды немесе аударылған мәтіндегі қателер мен дәлсіздіктерді түзетеді [14, 338 б.].

3. Аралас аударма – мәтіннің дәстүрлі (немесе машиналық) өңдеуінің едәуір үлесін пайдалану арқылы жасалған аударма.

М.О. Әуезов атап өткен аударманың түрлері: сөзбе-сөздік – әріпқойлыққа негізделген аударма; еркін аударма, аудармашының өзіншелеп әңгімелеп отырғанына өте ұқсас келетін аударма; аударманың өте-мөте қонымды ғылыми дәлелденген түрі – шығарманың мазмұнын да, формасын да толығырақ беретін ғылыми дәл, балама аударма [5].

Аудармаға қойылатын басты талап – автордың стилистикалық өзіндігін сақтау, яғни адамдардың келбет-бітімі, жүріс-тұрысы бір-біріне қандай ұқсамаса, олардың сөз саптау машығы да бір-біріне сондай ұқсамайды, сол ерекшелікті айыра білу керек.

«Klasstime» газетінің 15 ақпандағы №3 санында шыққан Жолымбет Мәкішев «Тұрпайы аудармалар шаршатып жіберді» деген мақаласында: «Өкінішке орай біздегі аудармашылардың көбісі осы салада баяғыдан бері келе жатқан «аудармашының міндеті аудару емес, қазақша сөйлету» деген қарапайым қағиданы біле бермейді. Сенің еңбегінді жұрт аударма емес, түпнұсқаның өзі екен деп қабылдауы қажет емес пе? Бұған қабілеті жетпегендерді тәржімаға жақындатпаған жөн. Ал бұл салада білдей маман атанып жүргендердің көбісі «аудармашының міндеті қандай?» деген сұраққа «аудару» деп қарабайыр жауап қайтаратынына сенімдімін. Мұндай тұрпайы түсінікпен біз қазақ тілін өрге бастырмаймыз. Онсыз да қазақ тілі қазір шала сауатты «мамандардың» кесірінен аударма тіліне айналып кетті. Тіпті жай ғана аударма тілі емес, «түсініксіз тәржіманың» тіліне айналды» [15] деп қазіргі аудармалардың сын көтермейтіндігін жазған.

М.В. Ломоносовтың мына сөзімен қорытындылауға болады: «Егер белгілі бір ойды өз ана тілімізде дәл бере алмасақ, мұны тіліміздің оралымсыздығынан көрмей, өзіміздің дәрменсіздігімізден көруіміз қажет».

Аударманың түрлері оның мақсатына, функцияларына, талаптарына сәйкес бөлінген. Негізгі түрлері тұлғаның дамуына түрлі әсер әкелетіні мәлім болғандықтан, аударманың түрлерін мәтіндердің саласына байланысты таңдаған жөн. Прагматикалық, эстетикалық-поэтикалық, этнографиялық, лингвистикалық мәліметті беретін процестің мүмкіндігін көптілдік қоғамда тиімді қолдану қажет.

Баяндама аясындағы сараптау ақпараттық жүйелерде мәліметтерді аударудағы түрлерін зерттеуде және олардың ақпарат таратуда тиімді түрлерін анықтауда жалғасын таба алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабекова А.Қ. Аударматанудың негіздері: Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы, 2012. - 296 б.
2. Бархударов Л.С. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). – М.: Международные отношения, 1975. – 240 с.
3. Тарақ Ә. Аударма процесі жайында // Аударматану (ғылыми-практикалық көмекші құрал). Құраст.: Құлманов С. – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. –300 бет.
4. Комиссаров В.Н. Слово о переводе. – М.: Международные отношения, 1973. –216 с.
5. Көркем аударманың кейбір мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1957.
6. Тарақов Ә.С. Аударма психологиясы және мәдениеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 60 бет.
7. Алдашева А. Аударматану ғылымының басты ұғым-түсініктері туралы // Аударматану (ғылыми-практикалық көмекші құрал). Құраст.: Құлманов С. –Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. – 300 бет.
8. Көркем әдебиет саласындағы аударма мәселесі // ҚАЕУ хабаршысы. – Өскемен, 2006. - №2.
9. Сабурова Г. Аударма да рухани байлық // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2000. №5
10. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. –Алматы: Арыс, 1998. –215 б.
11. Тарақ Ә. Ғылыми-көпшілік және ғылыми техникалық аударма // Аударматану

(ғылыми-практикалық көмекші құрал). Құраст.: Құлманов С.–Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008.

12. Жұмабекова А., Жабағиева Г. Жазбаша және ауызша аударманың ерекшеліктері // Аударматану (ғылыми-практикалық көмекші құрал). Құраст.: Құлманов С.–Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008.

13. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. Учебное пособие. – М.: ЭТС. -2002. – 424с.

14. Тікенбай Г. Аударма лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде және оның лингвомәдени мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2012. №1(135)

15. Мәкішев Ж. Тұрпайы аудармалар шаршатып жіберді // «Класstime» газеті, №3. - 15 ақпан.

УДК 373.1

ШКОЛЬНАЯ ПОЛИТИКА В РАМКАХ 12-ЛЕТНЕГО ОБУЧЕНИЯ

Бочкова Маргарита Максимовна

margo_bochkova@mail.ru

Студентка 1 курса факультета естественных наук, кафедры
«Биотехнология», Евразийского национального университета
им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Научный руководитель - Устелимова Н.А.

Казахстан как стабильно развивающееся государство стремится стать частью мирового образовательного сообщества. Своевременность приближения отечественной системы образования к международным стандартам обусловлена рядом негативных для её развития факторов. Особое место среди них занимают устаревшая система оценки учебных достижений, которая не способна стимулировать учащихся, недостаточное развитие личностных, гражданских и нравственных качеств учеников, низкий уровень осознания ими собственных интересов и перспектив. Эти и другие проблемы сегодняшней отечественной системы образования рассмотрели в собственных трудах Сагинтаева А. [1], Муханбетжанова А. М., Черыкеев Л. Г. [2], Мухтарова К.С. [3], Жумагулов Б. [4], Кузнецов Е. и Симтиков Ж. [5]. Мы считаем, что нашей первоочередной целью является ликвидация предпосылок возникновения и результатов влияния этих факторов, а реализовать данную задачу переход на 12-летнюю систему обучения.

На протяжении последнего десятилетия были изменены виды контроля знаний школьников, появилось развитие академической мобильности обучающихся, обеспечивающей прохождение практики за рубежом, однако темпы развития образовательного сектора остаются небольшими. По этой причине проводится комплекс мер, направленный на модернизацию учебно-материальной базы школ и подготовку педагогического состава. Была разработана «Концепция 12-летнего среднего общего образования в Республике Казахстан», которая является основным документом, отражающим цель, задачи, принципы организации и направления развития системы среднего общего образования страны. Учитывая современное геополитическое, экономическое и социальное состояние казахстанского общества, а также интеграцию в мировое образовательное пространство, определена важность модернизации системы среднего образования Республики Казахстан. И, исходя из этого, необходимо формирование определенного стандарта среднего образования, рассчитанный на 12-летнюю школу, который позволит успешно решить стратегическую задачу улучшения казахстанского образования посредством проектирования новой национальной модели образования, ориентированной на результат. Цель новой реформы - формирование и развитие